ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 13 наурыз № 3313-25-00-2/21 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.С.Джолдасова
Д.Қ.Тілектестің хатшылығымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі "Үшарал аудандық пайдалану бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Анар Калибековна Иманкалина - "Иманкалина" жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.О.Шекежанова
жауапкер А.К. Иманкалина
прокурор Р.Базарбаева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 09 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі "Үшарал аудандық пайдалану бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме, Тапсырыс беруші) мен Анар Калибековна Иманкалина - "Иманкалина" жеке кәсіпкері (бұдан әрі - Өнім беруші) арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 240293 шарты (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың жалпы сомасы 90 600 теңгені құрайды.

Шарт жасалған күннен бастап күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Жауапкер Шарт бойынша Тапсырыс берушіге Шарт күшіне енгеннен бастап 15 күнтізбелік мерзімде 12 дана сұйықтықтарды қыздыруға арналған электр қыздырғыш (бұдан әрі - Тауар) 2024 жылғы 24 желтоқсанға дейін жеткізуге міндеттелген, алайда жауапкер белгіленген мерзімде Тауарды жеткізбеген.

2024 жылғы 20 желтоқсанда веб-портал арқылы талап қоюшымен жауапкерге Шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдап, 2024 жылғы 20 желтоқсанда Шарт Тапсырыс берушімен біржақты бұзылған.

Талап қоюшы жауапкер Шартта өзіне жүктелген міндеттемені орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және 634 теңге құрайтын тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкерден талап қоюға қарсы пікір сотқа ұсынылмады.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі А.О. Шекежанова талап қоюды қолдап, толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер А.К. Иманкалина сот отырысында талап қоюды толығымен мойындап, тұрақсыздық айыбының сомасы төленгені туралы түбіртек ұсынды.

Прокурор Р.Базарбаева талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады деген қорытынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№ 1 талап бойынша.

Тараптар арасындағы 2024 жылғы 09 желтоқсанда тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы № 240293 шарты жасалып, оның қолданыс мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3)-тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуметті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Джолдасова Г. С., 11.05.2025
3313-24-3-1/2996

алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Жауапкер өзіне мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт бойынша жүктелген міндеттемелерді орындамағаны сотта анықталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі № 4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Шарттың талаптарын орындамау салдарынан Мекемеге жауапкердің әрекетімен талап қоюшыға теріс салдарлар туындағаны сотта анықталды, яғни Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн.

АК-тің 10-бабының 1-тармағына сай кәсіпкерлік қызмет кәсіпкер атынан, оның тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылады.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысумен байланысты тәуекелдерді көтереді.

Жауапкер Шарттың 2024 жылғы 20 желтоқсанда бұзылғанын біліп, келісіп, оны дауламаған.

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған, талап қоюды сотқа уақытылы тапсырған.

Істің мұндай жағдайында, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден жергілікті бюджет пайдасына талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж салығы 1 846 теңге өндірілуге жатады.

№2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Джолдасова Г. С., 11.05.2025
3313-24-3-1/2996

белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Заңның 43-бабының 24-тармағында өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз ететіні, шарттың 7.3.-тармағында қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын ұстайтыны (өндіріп алатыны) көзделген.

Талап қоюшының есебі бойынша тұрақсыздық айыппұл көлемі 634 теңгені құрайды.

Алайда, соттта анықталғаны Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі 2024 жылғы 23 желтоқсан деп белгіленген, ал 2024 жылғы 20 желтоқсанда Шарт біржақты тәртіпте Тапсырыс берушіге бұзылған.

Осыған орай, Тапсырыс берушімен жауапкерге есептелген тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатпайды деп есептейді, себебі тұрақсыздық айыбы тек Шарт орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін есептеледі.

Жоғарыда аталғандардың негізінде сот талап қоюшының тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы негізсіз, қанағаттандырылудан бас тартылуға жатады деген тұжырымға келеді.

Аталған мәнжайға сай талап қою ішінара қанағаттандырылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігі "Үшарал аудандық пайдалану бөлімі" Республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер Анар Калибековна Иманкалина - "Иманкалина" жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Анар Калибековна Иманкалина - "Иманкалина" жеке кәсіпкеріне мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегізжүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 20.03.2025
Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Джолдасова Г. С., 11.05.2025
3313-24-3-1/2996

шағым, прокурор өтінішхат - шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, келтіруге құқылы.

Судья Г.С.Джолдасова

Құжатқа қол қойылған: Джолдасова Г. С., 20.03.2025

Заңды күшіне енген күні: 21.04.2025, судья Джолдасова Г. С., 11.05.2025